

Бекітімін: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Қарауылкелді» бөбекжай – балабақшасы»

Топ : Ересек топ

1 апта: 2.09 - 6.09.2024

Балалардың жасы : 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2.09.2024

Тәрбиеші: Тынымжан. М

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02.09.2024ж | Сейсенбі 03.09.2024ж | Сәрсенбі 04.09.2024ж | Бейсенбі 05.09.2024ж | Жұма 06.09.2024ж |
|---|--|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру Балалық шақ күйінің сүйемелдеуімен түрлі түсті асықтармен қарсы алу. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 минут- ата –анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру. Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | 1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен» Балабақшада экскурсия өткізу. Бір тұтас тәрбие жоспарынан | «Біздің төп» Мақсаты: Балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру. Қоршаған ортамен таныстыру | «Төңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту | «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Көркем әдебиет, дене шынықтыру | Күз туралы не білет еркін түрде әңгімелесу Күз келді. Күннің жылы азайды. Аспанды бұлт қаптады. Жаңбыр жау жауады. Адамдар күз қолшатырмен жүре ағаштарда жапырақ жоқ. Жапырақтар сарғайып, жерге түс қалды. Жыл құстар оңтүстікке ұшып кет Баубақшада өнім жиналды Суреттерді күзгі ауа райына са киінген балаларды |

| | | | | | |
|---|---|--|---|--|--|
| | | | Бір тұтас тәрбие жоспарынан | | табады, сол суретті белгілейді. Экологиялық тәрби |
| Таңертенгі жаттығу | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Байланыстырып сөйлеу; жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану. Сөйлеуді дамыту | Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Математика негіздері | Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Көркем әдебиет | Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Қоршаған ортамен таныстыру | әдеби шығармалар бейнеленген қоғам өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысы туралы ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Көркем әдебиет |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Музыка Музыка жетекшісінің жоспарымен | Дене шынықтыру Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертін жүру, қол мен | Дене шынықтыру Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, | Қазақ тілі Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп | Дене шынықтыру Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) айналып өту; |

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|---|--|--|
| | | аяқ қимылдарын үйлестіру. | көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру Музыка Музыка жетекшісінің жоспарымен | үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; | |
| | <p>Сендер таңертең қайдан келдіңдер? – Қайда келдіңдер? (Балабақшаға келдік). – Сен келетін балабақша қалай аталады? – Сендердің топтарың қалай аталады? – Балабақшада кімдер жұмыс істейді? (Педагог, аспаз, медбике). – Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Сызық жүргіз» ойыны олар үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салыңдар .Математика негіздері</p> | <p>«Менің алғашқы кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарын бояу. Сөйлеуді дамыту Топтағы кітап орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу Сурет салу «Кітап сөреге қалай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Қоршаған ортамен таныстыру Рөлдерге еніп ойнау. Көркем әдебиет</p> | <p>Кітапқа қамқор боламыз. Кітаптарды қалай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімелесу. сөйлеуді дамыту Балаларға жыртылған кітаптарды түптеп, жапсырып жөндеуге беру. Өз қолдарымен жасаған кітаптармен сөрені толтыру. Жапсыру</p> | <p>Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Бірінші орталықта біздің топта қандай кітаптар бар? Қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті Өзіміз кітап жасаймыз. Балаларға қағаздарды желімдеу арқылы кітап жасату. Жапсыру Өз қалаулары бойынша кітап мұқабасын сәндеп сурет салу. Сурет салу</p> | <p>Кітап дүкені және кітапхана туралы балардың ойларын тыңдау, кітапхана және кітап дүкенін рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтар білу. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Ертегі кітап сурет салу Сурет салу</p> |
| Серуенге дайындық | Дәйек сөз «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | <p>Бақылау: Тұманды бақылайды. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылауды. Тұманның қайдан пайда болатынын түсінеді.</p> | <p>Бақылау: Күзгі көріністі бақылайды. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін біледі. Күннің салқындауын, жаңбырдың жиі</p> | <p>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыстар</p> | <p>Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы біледі. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап</p> | <p>Бақылау: Күз мезгіліндегі адам киімін бақылау. Мақсаты: Адамдар киімінен күз мезгіліне</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------|--|---|--|--|--|
| | <p>Еңбек : Ағаштардың түптерін қопсытады. Мақсаты: Табиғатты аялай біліп, өсімдіктерге қамқор болады. Оларды күтіп – баптайды. «Шымшық доп» Мақсаты:Ептілікке, шапшандыққа , батылдыққа, допты тез лақтыруға үйренеді. Еркін ойын: Төбешіктен секіру. Мақсаты: текшелерден төбешік жасап алады.</p> | <p>жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінінеді. Еңбек:Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинайды.Өз алаңдарын таза ұстайды. «Жүгіріп өтуге үлгер» Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа , батылдыққа, тез жүгіруге үйренеді. Еркін ойын: Қуаласпақ Мақсаты: бір-бірін қуып ойнайды.</p> | <p>өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсінеді. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. «Фигура жасап шық» Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшандыққа, ептілікке баулу. Еркін ойын:</p> | <p>егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын түсінеді. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар - топырақ арқылы баратындығын меңгереді Допты қуып жет » Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге, шапшандыққа , ептілікке үйренеді. Еркін ойын:</p> | <p>жылырақ киінетіні біледі. Еңбек:Біздінаулаам Мақсаты:Ауладағы нжапырақтарды жинайды. «Күн мен түн» . Мақсаты:Балалар әртүрліқимыл-қозғалысты меңгеріп шапшандыққа, ептілікке үйренеді. «Сағат,сағат қанша болды?» . Мақсаты: сағат тілі айтады, қадаммен жүреді.</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтары дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p> | | | | |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орама ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір сұға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p> | | | | |
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қойып үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|---|
| <p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p> | <p><i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.</i> (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құргатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p> | | | | |
| <p>Бесін ас</p> | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құргатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым міндеттерді орындау. Құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>Бұрыннан білетін домалақтау тәсілімен алманы жасаймыз. Алманың сабағын орналастыратын жерді саусағымызбен шұңқыраймыз. Сабағы мен жапырағын жасап, шұңқырға орналастырамыз. сопақша пішінге келтіріп созамыз. Сыртын тегістейміз. Мүсіндеу. Вариативтік компонент «Жол тәртібін білейік» Тақырыбы : «Абайла өрті»</p> | <p>Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау Көркем әдебиет Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру. Сурет салу, жапсыру Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру Математика негіздері</p> | <p>Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. Құрастыру Еркін рөлдік ойындар. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру</p> | <p>Кітаптан ән жаттау, айту Музыка Еркін іс әрекеттер. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру Вариативтік компонент «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӨРБИЕ БАСТАУЫ» Тақырыбы: «Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері»</p> | <p>Балалардың өз қолдарымен жасаған кітаптарынан көрмені ұйымдастырып, балалар топтың педагогтарымен балаларын шақыру</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Раянаға өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтуды үйрету</p> | <p>Ерқасым, Мәуленге қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрет</p> | <p>Айзереге алақанға салып тік және дөңгелетіп есе білуді үйрету</p> | <p>Асылымға мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытуды қалыптастыру.</p> | <p>Ақжолға геометрия пішіндерді үйрету</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> | | | | |

| | | | | | |
|------------------------|---|---|---|--|---|
| | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйле дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | «Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай біледі. Ұқыптылыққа тәрбиелейді. | «Ұйқыдағы аю» Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелейді. | «Балабақшаға апарар жол» Мақсаты: Балалардың қимыл белсенділігімен қатар логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. | «Қай ертегіде» танымдық ойыны. Мақсаты: ойлау қабілеттерін арттыра отырып, ертегілерді еске түсіруге машықтандыру | «Айсұлу қуыршағын шешінуге үйретейік» Мақсаты: Киімдерді шешу ретін есте сақ қалу, оларды ұқыпты жинап және бүктеуі үйрету, Киімдердің аттарын сөйлемдерді қолдануға үйрету. |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімде өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. | Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. | Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. | Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. |

Бекітетін: 

2

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Қарауылкелді» бөбекжай – балабақшасы»

Топ : Ересек топ
 2 апта: 9.09 - 13.09.2024
 Балалардың жасы : 4 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі 9.09.2024

Тәрбиеші : Турегалиева.Л.Х

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 09.09.2024ж | Сейсенбі 10.09.2024ж | Сәрсенбі 11.09.2024ж | Бейсенбі 12.09.2024ж | Жұма 13.09.2024ж |
|---|--|---|--|---|--|
| Балаларды қабылдау | Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 минут- ата –анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Жатқа білер дос атын, Дос бар бізді тосатын. Балабақша біздің үй. Басымызды қосатын Саусақпен ойнаймыз: «Кұлып» Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету Коммуникативтік дағдылар | Дидактикалық ойын «Не артық?» Міндеті Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Танымдық дағдылар | Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру Коммуникативтік дағдылар | Саусақпен ойнаймыз:«Қоян інде» Ақ қоян-ау,ақ қоян, Үркек қоян,сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. Міндеті Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Коммуникативтік дағдылар | Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған заттары жайлы танып-қалыптастыру Дәретхана мен жалаң бөлмедегі мінез-ерекшелерімен таныстыру Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытталған бала әрекеті түрі |
| Таңертенгі жаттығу | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |


| | | | | | |
|---|---|--|--|--|---|
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сүмен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тіл - тірегім» танымдық іс-әрекетіне дайындық. Бір тұтас тәрбие жоспары | Орналасыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналасыру, құрастыра білу. Құрастыру | Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу | (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) аттарын атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Құрастыру | Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесекте мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түр тәсілдерді қолдану бейнелеу. Мүсіндеу |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Музыка Музыка жетекшісінің жоспарымен | Дене шынықтыру Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. | Дене шынықтыру Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру Музыка Музыка жетекшісінің жоспарымен | Қазақ тілі Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4 | Дене шынықтыру Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденде 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) өту; |

| | | | | | |
|-------------------|--|--|---|---|---|
| | <p>«Торғай ұшты» Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру</p> <p>Дене шынықтыру Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу.</p> <p>Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту,</p> <p>Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау.</p> <p>Ертегіде ойыншығы туралы айтыла ма анықтау.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау. Ретімен, кері қарай санау</p> <p>Математика негіздері</p> | <p>«Гүлдің ашылуы» Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.)</p> <p>Дене шынықтыру «Ғажайып ойыншық жасау шеберханасы» балаларды таныстыру.</p> <p>Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. Құрастыру</p> | <p>Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау.</p> <p>Балалардың ойын тыңдау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Сол ойыншықтардың суретін салу.</p> <p>Сурет салу</p> <p>Қуыршақ туралы тақпақ жаттау .</p> <p>Көркем әдебиет «5 ке дейінгі сиқырлы сандар»</p> <p>Тура жіне кері санау</p> <p>Математика негіздері</p> | <p>Дидактикалық ойын «Ойыншық неден жасалған»</p> <p>Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру</p> <p>санау,жұптастыру</p> <p>«Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемеіту амалдарын үйрету</p> <p>Математика негіздері «Асық» ойыны</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Орамалдан бөпе жасау.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жетекшілігімен «Сүйікті ойыншығым»</p> <p>Жапсыру</p> | <p>«Арқан созу» Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- қолымызды жоғары сол қолды төменгі қарай созу. 3-4 қол керісінше жасау. /6 рет қайталау/</p> <p>Дене шынықтыру «Менің отбасым» отбасы мүшелерін Көркем әдебиет Мен бақытты балық</p> <p>Сурет салу</p> |
| Серуенге дайындық | <p>Дәйек сөз «Жанұям – қорғаным, ата –анам тірегім!»</p> <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимыл-әрекеттерінен өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</p> | | | | |
| Серуен | <p>Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылайды.</p> <p>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы айтылады.</p> <p>Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстырады, күздегі өзгерістерді айтады.</p> <p>Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмды</p> | <p>Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылайды.</p> <p>Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айтады, түстерін айтады.</p> <p>Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинайды.</p> | <p>Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен»</p> <p>Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгіме қозғалады.</p> <p>Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақыланады.</p> | <p>Бақылау: «Тұманды бақылау»</p> <p>Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атайды.</p> <p>Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылайды.Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін</p> | <p>«Құстарды бақылау»</p> <p>Мақсаты: Балалар құстарды бақылайды. Олардың аттарын атайды, дауыстарын тыңдау. Олардың топ болуына назар аударту.</p> <p>Еңбек: Құстарға жем беру.</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | <p>күрекшемен жинайды. Еркін ойындар: «Үшты — үшты» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Жаппай бақылау)</p> | <p>Еркін ойын: «Жапырақ жинау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Жаппай бақылау)</p> | <p>Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинайды. . Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Аққу-қаздар» Мақсаты: Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p> | <p>салыстырады. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырады. Еркін ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйренеді. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйренеді. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. (Тікелей бақылау)</p> | <p>салатын тақтай жасайды. Еркін ойындар: «Қайтқан құстар» «Құстар мен мысық» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Тікелей, жаппай бақылау)</p> |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтары дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін ретгілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым міндеттерді орындау. | | | | |

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|---|
| | құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақ болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру Құрастыру Вариативтік компонент «Жол тәртібін білейік» Тақырыбы: Бағдаршам және біз. | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар Мүсіндеу | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. Қоршаған ортамен таныстыру | Мұзыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу Қоршаған ортамен таныстыру. Вариативтік компонент «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ» Тақырыбы: «Ұлттық киімдер» | Жәрмеңкені ата а үшін дайындау. Балалардың әсер туралы әңгімелесу Қоршаған ортамен таныстыру, Құра |
| Балалармен жеке жұмыс | Раянаға, Камилаға, Атаділекке заттардың сапасы мен қасиеттерін: сипау, дәмін тату және есту арқылы таныту. | Бекнұрға, Аңсарға ересектерге көмек көрсетуге ынта білдіруге үйрету. | Айзереге, Адельяға балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету. | Батырға, Асылымға пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игеруді қалыптастырамын. | Мәуленге, Иманға берілген дыбысты дұрыс айтуды, сөз бірінші дыбысты анықтап айтуды жаттықтыру |
| Серуенге дайындық | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеу дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Кішкене өзен арқылы.</i> Мақсаты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Жел көбік</i> Мақсаты: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Поезд</i> Мақсаты: Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсындар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Жалаушаны әкел (таяқ арқылы аттап өту).</i> Мақсаты: Бір топ балаларды (4-6 адамды) жинап алып тәрбиеші оларға жалаушаны көрсетеді, онымен ойнауды ұсынады. Тәрбиеші кезекпен кімнің жалаушаға | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Күн мен жаңбыр</i> Мақсаты: Балалар алаңның бір шеті немесе бөлменің қабырғасынан бір жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терек» (орындықтың |

| | | | | | |
|--------------------------------------|---|--|--|---|---|
| | <p>үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді.</p> | <p>тұрады. «Кеттік», - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші поезды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>баратынын айтады да балалардың әрқайсысының кедергіден дұрыс аттап өтуін бақылайды. Орындықтан жалаушаны алғаннан кейін бала сол жолмен кері қайтады. Балалардың барлығы жалаушамен оралғаннан кейін тәрбиеші жалаушаларды көтеріп, маршпен жүріп өтуді ұсынады. (тәрбиеші ритммен қолын соғады немесе бір-екі, бір-екі деп дауыстан тұрады.) Одан кейін ойын балалардың басқа тобымен жүргізіледі. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>арқ асындағы тең қарайды. Тәрбиеші «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серу шығуға болады», дейді. Балалар бұл алаңда жүгіріп жүреді. «Жаңбыр! Тез үй жүрiндер! деген сигналды естіп, бұл орындарына қарап жүгіріп келіп, орындықтар артына отырады. Тәрбиеші қайта «Күн шықты! Бар серуендендер», - ойын қайта бастайды. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киім бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көз әрекет, дербес ойын әрекеті).</p> | | | | |
| <p>Балалардың үйге қайтуы</p> | <p>Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киіндірудің қажеттілігі туралы әңгімелесу</p> | <p>Балалар отбасында өз қалауымен не істей алады? Әңгімелесу</p> | <p>Ата-анамен бала тілін дамыту мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңестер мен ұсыныстар беру</p> | <p>Ата-аналармен балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы әңгімелесу.</p> | <p>«Апта бойы біз не үйрендік не білдік? Ата-аналармен әңгімелесу</p> |

Текітеші: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 3
Білім беру ұйымы «Қарауылкелді» бөбекжай – балабақшасы»

Топ : Ересек топ
3 апта: 16.09 - 21.09.2024
Балалардың жасы : 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 16.09.2024

Тәрбиеші : Тынымжан .М

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.09.2024ж | Сейсенбі 17.09.2024ж | Сәрсенбі 18.09.2024ж | Бейсенбі 19.09.2024ж | Жұма 20.09.2024ж |
|---|--|--|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 минут- ата –анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру. Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | Ойын: «Не жетіспейді?» Мақсаты: Көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту. Балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады. Суретті мұқият қарап, әр заттың жетіспейтін бөлшегін табуын сұрайды. Қоршаған ортамен таныстыру | «Ұқсасын тап» Мақсаты: Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту. Математика негідері | «Сәлем сөздің атасы!» Мақсаты: Әдептілік туралы әңгімелеу. Амандасу сөздің атасы, көшеде кездескен үлкен кішіге де сәлемдесу әдептіліктің белгісі екенін түсіндіру. Қазақ күйлерімен таныстыру. Ұлттық құндылық | «Мен құрбыларымды жақсы көремін» Мақсаты: Балалардың шеңбер құрады. Балалардың ішінен біреуі «Мен сені жақсы көремін» (көршісінің атын айтады) дейді және қатар отырғанның қолын қысады. Жақсы көруді қабылдаушы оған күлкімен жауап береді және соны көрші балаға қайталайды. Дене шынықтыру | «Менің бос уақыты» Мақсаты: Демалыс күндерін қалай өткізгендері туралы әңгімелесу. Сөйлеуді дамыту |
| Таңертеңгі жаттығу | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|---|---|--|
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын ояу. Сурет салу | Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыру | Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру | Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу Математика негіздері | Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас Көркем әдебиет |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | Дене шынықтыру Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. | Дене шынықтыру Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | Қазақ тілі Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білуге үйрету. | Дене шынықтыру Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденге 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттау |

| | | | | | |
|---------------------------------|--|--|---|--|--|
| | <p>Серуенді бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап, түсін түрін атап, санап ,топқа алып келу.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері</p> <p>Балалармен бірге жапырақты бояп таңбалап қағаз бетіне басу әдісімен Сурет салу</p> | <p>«Нан қайдан келеді?» Күнделікті қандай тағамдарды қолданамыз. Олардың пайдасы қандай? Соның бірі нан қалай қайдан келді? Балалардың пікірін тыңдау. Ал нанның дастарханға қалай келетінін білу үшін Ендеше кітаптардан жауабын іздейік.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> | <p>Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы ертегі кітабымызды жасайық.</p> <p>Жапсыру</p> <p>Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу.</p> <p>Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. Сосын барлығына күз туралы ән жаттатып, би билеуін ұйымдастыру.</p> <p>Музыка</p> | <p>Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір сүретін жануарларды бақылау. Өздері не білетін айтқызу.</p> <p>Құстарға жем, су беру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Құстардың суретін салу. Сурет салу</p> <p>Құрастыру материалдарынан үйшік жасау.</p> <p>Құрастыру</p> | <p>Балалардан еңбек пе демалыс жайында сұрау. Күзде қалай демаламыз, жазда қандай демаламыз айырмашылықтарын білуін сұрау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Ауылшаруашылық мамандықтарымен таныстыру. Олардың пайдаланатын құралдарын таныстыру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Балалар қалауы бойынша кітап көруге, мамандардың құрал саймандарын мүсіндеп</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Дәйек сөз «Ақырып жүріп анық бас ,еңбегің кетпес далаға!» Абай</p> <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</p> | | | | |
| <p>Серуен</p> | <p>Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.</p> | <p>Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату.</p> | <p>Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат</p> | <p>Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай</p> | <p>Күздегі өсімдіктерді түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктер</p> |

| | | | | | |
|-----------------|--|--|---|--|--|
| | <p>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Көркем сөз: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Көркем сөз: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. «Жануардың дауысын сал» Мақсаты: дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру. (Қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)</p> | <p>дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету. Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)</p> | <p>дәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілде болып кетті тым бұзы Шуылдайды тал тере Жапырағын жұлғызы. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігі сезінуге үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|
| | <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</p> | | | | |
| <p>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</p> | <p>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p> | | | | |
| <p>Бесін ас</p> | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемейу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>Жапырақтардан, гүлдерден дестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау. Кітаптар қарау, балалардың еркін іс әрекеті Мүсіндеу, сөйлеуді дамыту</p> | <p>Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. Мүсіндеу Вариативтік компонент «Жол тәртібін</p> | <p>Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау. Жапсыру</p> | <p>Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. Қоршаған ортамен танысу Құмнан қоралар жасау.</p> <p>Құрастыру Ойындар ойнату.</p> | <p>Ағаштар мен гүл геометриялық пәшәндерді қолдан жол табу Робот арқылы кеңі бағдарлау. Математика негіздері</p> |

| | | білейік» Тақырыбы: «Сірікке кішкентай, от үлкен» | | Вариативтік компонент «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ» Тақырыбы: «Ұлттық | |
|-------------------------------|---|---|--|---|--|
| Балалармен жеке жұмыс | Таныс ағаштарды, бөлме өсімдіктерін, көкөністер мен жемістердің 3-4 түрін таныстырамын. | Зат есімдер мен көмекші сөздерді қолданады - «үстінде, астында, артында, жанында». | Түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіреді. | Алған білімдерді қолдана отырып, практикалық міндеттерді шешуді ойластыруды, өз әрекеттеріне бақылау жүргізуді үйрету | Кеңістік пен уақыт бағдарлай білуді үйрету |
| Серуенге дайындық | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеу дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | «Кім жылдам?» Ойынның мақсаты: Шапшандыққа, жылдамдыққа үйенеді. Шапшылып жатқан көкөністер мен жемістерді екі себетке жинайды. (Қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру) | «Қолшатыр» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады. | «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: жапырақтардың түр, түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (Сөйлеуді дамыту) | «Түрлі түсті жапырақтарды тізу» Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету. (Құрастыру) | «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғым бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту. (Сурет салу) |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімді өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту. | Күзгі табиғаттағы ағаштардың түрлері туралы әңгімелесу. | Баласымен бірлесе отырып күзгі жапырақтар жинау. | Балалардың балабақшаға таза келулерін қадағалау. |

Білім беру процесі

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы «Қарауылкелді» бөбекжай – балабақшасы»

Топ : Ересек топ

4 апта: 23.09 - 27.09.2024

Балалардың жасы : 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 23.09.2024

Тәрбиеші : Түрегалиева.Л.Х

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|--|--|--|---|---|
| | 23.09.2024ж | 24.09.2024ж | 25.09.2024ж | 26.09.2024ж | 27.09.2024ж |
| Балаларды қабылдау | Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 минут- ата –анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру. Топтық іс-шаралар мен мерекелер жайлы әңгіме | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | «Балалар кітапханасы» жобасы «Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындағы балалар кітапханасы Бір тұтас тәрбие | «Мені қайтала» дидактикалық ойын Мақсаты: Жасырын тұрған суреттерді тауып, аттарын айтады. ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру. суретте ұлттық аспаптар жасырылынады | Біздің денсаулығымызға не керек ? Мақсаты: Балалардың денсаулыққа қажетті заттар туралы білімдерін бекіту, жылдамдыққа тәрбиелеу. Құралдар: Доп. Дене шынықтыру | Дид-қ ойын: «Менің айтуым бойынша». Мақсаты: Суреттеп айтқан баланы табу . Қоршаған ортамен таныстыру | «Жоғарыда төменде» Мақсаты: Жоғары– төмен ұғымдарын түсіндіру. Байқағыштықты, зейін қиялды дамыту. қажет. Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру |

| | | | | | |
|---|---|--|---|---|--|
| | | Сөйлеуді дамыту, ұлттық құндылық | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Желдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, Қоршаған ортамен таныстыру | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыра білу, Құрастыру | қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу | (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) аттарын атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау Құрастыру | Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу Мүсіндеу |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | Дене шынықтыру Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), | Дене шынықтыру Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен | Қазақ тілі Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, | Дене шынықтыру Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| | | сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. | жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | сөйлеу қабілеттерін арттыру. | қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; |
